

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

екінші тәрептен, миллий тилдің ишки бирліклері менен салыстырғандағы қатнасын үйреніу.

Лингвопоэтикалық изертлеу көркем текстте қолланылған стилистикалық жақтан таңбаланған тил бирліклерін анықлауға бағдарланады, бул бирліклердің атқаратуғын хызметі хәм белгили бир идеялық көркем мазмунды аңлатыу хәм эстетикалық тәсирди пайда етиу мәселеси менен бирлікте үйрениледі.

Әдебиятлар

1. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. –Москва, 1962. – 155-б.
2. Казимбетова З. М. Ж.Избасқанов шығармаларының лингвопоэтикалық анализи. Фил.и.ф.д. диссертация авторефераты. Нөкис, 2022.
3. Липгарт А.А. Лингвопоэтическое исследование художественного текста: теория и практика: Дисс...докт. филол. наук. – М.: 1996. – 656 с.
4. Насилов Д.М. История лингвистических учений средневекового Востока. Ленинград, 1981.
5. Салкынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. Алматы: Qazaq universiteti, 2015. – 241-б.
6. Саитов Д. Язык каракалпакских поэтов XVIII-XIX в.в. АҚД. Алма-Ата, 1971. - 28 с.
7. Сыздыкова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. II том. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Ел шежіре, 2014 – 582 б.

Р.С. Тұрысбек

филология ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

e-mail: rst58@mail.ru

АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ АБАЙ МҰРАСЫ (Академик мұрасының басым бағыттары хақында)

Аннотация. В статье широко рассматривается научное наследие академика Рабиги Сыздык, тематико-жанровые и художественные каналы его главных трудов. Особенно большое место отводится вопросам наследия Абая, главных особенностей, страновых интересов и духовности ученого-корреспондента. Среди них «Язык произведений Абая» (1968), «Синтаксическое построение стихов Абая» (1971), «Выражение слова Абая» (1995) и др. Кроме того, раскрывается значение кандидатских диссертаций «Основные морфологические особенности языка Абая», докторских диссертаций «Язык произведений Абая». Широко затрагиваются вопросы языкознания и литературоведения, вопросы его изучения.

Ключевые слова: Абай, литература, текст, искусство, духовность, язык, стиль.

Abstract. The article extensively examines the scientific legacy of academician Rabiga Syzdyk, the thematic, genre and artistic channels of his main works. A particularly large place is given to the issues of Abai's legacy, the main features, insurance interests and spirituality of the corresponding scientist. Among them are "The Language of Abai's works" (1968), "The syntactic construction of Abai's poems" (1971), "The Expression of the word Abai" (1995), etc. In addition, the significance of PhD dissertations "The main morphological features of the Abai language", doctoral dissertations "The language of Abai's works" is revealed. The issues of linguistics and literary studies, as well as the issues of its study, are widely discussed.

Keywords: Abai, literature, text, art, spirituality, language, style.

Кіріспе.

Биылғы жыл – ұлт руханиятының жарқырай көрінген қырларымен де мәнді болды. Арғы арналарды айтпағанның өзінде, бір ғана қазақ тіл білімін әр алуан бағыттарда дамытып, іргелі ізденіс, ерен еңбектерімен сүбелі үлес қосқан тілтанудағы тұлғалар – академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойлары ұлт руханиятында, анығында білім-ғылым бағытындағы басымдықтарға маңызды қырлары екені анық.

Академик Р. Сыздық мұрасы, зерттеулер жүйесі әр алуан, көп қырлы, сан салалы. Бірқатар бағыттарын еске түсірсек, ұлттық тіл білімінің бағыт-бағдары, әдеби тіл тарихы, тіл мәдениеті мен нормалары, лексикология мен орфографияның өзекті мәселелері, мәтіннің

поэтикалық қабаттары, жазу-сызу сипаты, тілдік орам, стильдік нақыштар, мақал-мәтел мен тұрақты тіркес, сөз-символдар, сөз мәні, сазы мен сыры кең көлемде көрініс береді. Бұдан басқа, «Ясауитану», «Абайтану», «Ахметтану» арналары жеке саланы құрайды. Бұл бағыттағы іргелі ізденіс, ерен еңбек, зерделі зерттеу жемісі – біліми-ғылыми басымдықтардан өзге, тақырыптық ерекшелік, мәнді көзқарас, маңызды қолтаңба қырларымен де назар аудартары анық.

Академик Р. Сыздық Абай мұрасының мәніне, сөз сарасына, қара сөздер жүйесіне, ақыл-қайрат, жүрек үніне, бес асыл іс маңызына ден қояды.

Абай әлемі, мұраты мен мұрасы, әсіресе шығармаларының тілі туралы бірқатар еңбектер жазды: «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971), «Абайдың сөз өрнегі» (1995).

«Абай тілінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» - кандидаттық, «Абай шығармаларының тілі» - докторлық диссертациясы болды.

Бұдан басқа, әдебиеттану мен тіл білімінің маңызды мәселелері, тіл мәдениеті мен оның нормалары, орфография мен орфоэпияның белгі-ерекшеліктері, ұлттық тілдің қолдану аясы хақындағы еңбектерінің мәні мол.

Негізгі бөлім.

Қазақ сөз өнерінің бастау арналары мен негіздері, оның көркемдік-эстетикалық қызметі, тілдік-стильдік сипаттары бары анық. Осы орайда, тіл білімінің корифейі, ұлт ұстазы – А.Байтұрсыновтың іргелі ізденісі, ұстаным жүйесінің негізі бар. Ол, әсіресе: «Өнердің ең алды - сөз өнері», - деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [1. 241].

Академик Р. Сыздық еңбектері тақырыптық ауқым-аясы кең, зерттеп-зерделеу бағыттары әр алуандығымен де назар аудартып, оның өзі жан-жақты, терең мәнді болып келеді. Айталық, «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1984) - тіл білімі мен әдебиет әлемін бір-бірімен байланыс-бірлікте зерттеді. Автор қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы – Абай мұраты мен мұрасын, қосқан зор үлесін, маңызы мен орнын байыпты айқындайды. Абай шығармалары тіліндегі грамматикалық қатпарларды, лексика-морфологиялық ерекшеліктерді жүйелі де негізді сөз етеді. «Абай – қазақтың қазіргі әдеби тілінің негізін қалаушы» дегенге табан тіреп, мәнді тұжырым айтады. Абай мұрасын ұлттық тілдің айбары мен айнасы санайды.

Бұдан басқа, Абай мұрасындағы әдеби тіл дәстүрі, бұрынғы-соңғы жазба тілдегі белгі-ерекшеліктер, маңызы мен құндылық қырлары айқындалады: «Абай да өз шығармашылығында қазақтың ауызша тарап келген байырғы әдеби тілін негіз етті, оның барын дамытып, жоғын толықтырды, жаңа сатыға көтерді. Әрине, Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін жоққа шығарған жоқ, керісінше, ең басты өмірлік белгілерін сақтап, оларды әрі қарай ұстады» (342-бет). Немесе: «Абай үшін ескі түркі жазба тілдері, оның қазақ топырағындағы «кітаби тіл» атанған түрі қазақтың ұлттық жазба тілі ретінде әрі қарай қызмет ете алмағанымен, ол құбыжық емес, қосалқы құрал болды. Бұрынғы жазба тілде прозалық стильдердің ертеден қалыптасып дамуы өз заманында пайда бола бастаған қазақ публицистикасы мен өзге де прозалық жанрларына тікелей әсер етіп, таңбасын басып отырғанын Абай жоққа шығармайды. Ол тіпті бұл жазу дәстүрін өзінің кейбір «Қара сөздерінде» пайдаланды да. Оның бүкіл прозасы емес, 38-сөз деп аталатын шығармасы «кітабишылап» жазылған. Демек, Абай ортаазиялық түркілік дәстүрден жалпы безуді емес, оны белгілі бір стильдік мақсатта пайдалануды ұсынады» [2. 345]. Әрі түркілік қыр-сыры ашылады. Бағыты, мәні айқындалады.

Академик Р. Сыздықтың зерттеу-зерделеу бағыттарындағы еңбектеріне жіті көзбен қарасақ, ел мүддесі мен ұлт мұратын, руханият арналарын біртұтас бағытта қарап, кең көлемде қарастыратыны айқын аңғарылады. Айталық, «Абай өлеңдерінің синтаксисі» атты монография жалпы өлең синтаксисіне арналған алғашқы еңбек. Абай поэзиясының

тақырыптық мәні, ізденіс мұраттары, жанр жүйесі мен көркемдік арналары, құрылым-құрылысы, ой-сөз орамдары, тілдік-стильдік айшықтары қарастырылған. Ал, «Абайдың сөз өрнегі» (1995) - Абай поэзиясы мен қазақ өлеңінің ортақ бағыт-мұраттарын, тақырыптық һәм жанр жүйесін, көркемдік-рухани арналарын кең түрде қарастырады. Зерттеуде лингвопоэтикалық таным, лингвостилистикалық қабаттар, тілтанудың жаңа бағыттары көрініс береді. Еңбектегі поэтикалық сөз мәселесі, ақынның сөз құбылту шеберлігі, сөзді үндестіру құпиялары, қара сөздерінің стильдік және тілдік табиғаты айқындалады. Абай дәстүрі, сабақтастығы сараланып, жіті айқындалады.

Академик Р. Сыздық – «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971), «Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы» (1959), «Сөздер сөйлейді» (1980), «Сөз сазы» (1983, 1995), «Сөз құдіреті» (1997), «Жами ат-тауарих Жалайри тілі» (1989), «Қ.А.Ясауи «Хикметтерінің тілі» (2004) т.т. зерттеулерінде қазақ әдеби тілінің арғы-бергі кезеңдері мен даму жолдары, Ортағасырлық жазба ескерткіштерінің тарихы, ХҮ-ХІХ ғ.ғ. ақын-жыраулар тілі – лингвопоэтикалық таным, лингвостилистикалық қабаттар, грамматикалық-морфологиялық һәм лексикалық жүйесі жағынан жан-жақты қарастырылып, байыпты сараланады. Тіл мәдениетінің мәні, тіл білімінің жаңа бағыттары, даму үрдістері кең көлемде қарастырылады. Сөз мағынасы мен туған тіл байлығы, мағыналық сипаты: «...тарихи-түсіндірме сөздік ретінде осы кітапта талданған материалдардан шығатын бұл тұжырымдарды қазақ тілінің тарихи лексикологиясы курсына әр тұстан септігі тиетін тезистер ретінде ұсынып отырмыз. Бұл еңбекте көзделген негізгі мақсат-диахрондық лексикология бойынша ғылыми ізденістер жүргізу емес, ескі өлең-жыр текстері мен ауыз әдебиеті үлгілерін бүгінгі оқырмандар жақсы түсініп, әр сөзін дұрыс ұғып оқуларына көмектесу, ана тілінің лексикалық байлығын зер қоя танып, әрбір сөзін асыл мұра ретінде сақтап, кәдеге асыра білулеріне жәрдемдесу болды. Бірақ, әрине, талдау нәтижелері сөз мағыналарының тарихын танытқандықтан және бұл талдауларымыз ғылыми негізде, ғылыми аппаратқа (еңбектерге) сүйеніп жүргізілгендіктен жоғарыда 14-бап етіп ұсынған пікір-байламдарымыз (тұжырымдарымыз) қазақ тіліндегі сөздердің түп тамыры мен мағыналарының қозғалысын (эволюциясын) тануға біршама мұрындық болар деп ойлаймыз», -деп бірқатар ізденіс, байыптаулар негіз етіліп берік байлам жасайды. Асыл сөз мұраты, ұлттық тіл тұғырының өзекті мәселелері, маңыздысы Абай әлемі айналасында ел әдебиетін, қалыптасу кезеңдерін, белгі-ерекшеліктерін, даму үрдістерін мәнді сөз етеді [2. 222].

Көркем әдебиеттегі қазақ әдеби тілінің мәні, дәстүрлі қалып-дағдылары да жіті қозғалып, байыпты сараланады: «Көркем әдебиет қазақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуы барысында басты рөл атқарып келгені мәлім. Бұл күнде де қоғамдық-публицистикалық, ғылыми стильдермен қатар, әдеби тілдің жетіле түсу процесінде, яғни қазақ әдеби тілінің дәстүрлі нормаларын тұрақтандыруда, жаңаларын белгілеуде, соны сипаттарға ие болуда, қысқасы, әдеби тіліміздің сапалық дамуын ұйымдастыруда көркем әдебиет негізгі ұйытқы, үлгі болып отыр. Ол - көптеген өзгерістер мен сонылықтардың әрі эксперимент алаңы, әрі қоймасына айналды» (5-бет). Немесе: «Бұл жұмыста қазіргі көркем проза текстерін жиналған нақты материалдардың негізінде қазақтың ұлттық көркем тілінің нормаларын айқындау; оның қалыптасуы мен дамуын және қазіргі күй-қалпын көрсету; ұлттық стильдік нормалардың қалыптасуындағы көркем әдебиеттің рөлі мен орнын көрсету; көркем әдебиет арқылы қазақ әдеби тілі лексикасының нормалану процесін таныту мақсаттары 2-бөлімде көзделді. Аталған процесте жүзеге асатын сөз таңдау принциптері анықталды; бір жағынан, жалпы әдеби тіл нормасынан, екінші жағынан, көркем тіл заңдылықтарынан уәжді-уәжсіз ауытқу құбылыстары талданды; жұмыстың өн бойында сөз болатын негізгі тақырып лексика-фразеология саласында әдеби стандарт пен одан ауытқушылық құбылысын талдап-таныту болды. Қысқасы, бұл еңбектің 1-бөлімін көркем сөз дүниесін әр қырынан білгісі келгендер, олардың ішінде ақын-жазушы, журналистер, әдебиет пен тілден сабақ берушілер ынта қойып, қызығып оқыр болса, ал 2-бөлімін сөз әлемінің көркемдігін, тануға қажет ғылыми-теориялық негіздерді дәлелдейтін фактілердің қазақ көркем дүниесінің көрінісін білгісі келген зерттеуші-ғалымдар, ұстаз-оқытушылар, студенттер, мектеп оқушылары ден қойып, мағлұмат алып оқыр

болса, алға қойған мақсатымыздың орындалып, біраз жылдық тірнектей жиған ізденістеріміздің, тер төккен еңбегіміздің ақталғаны деп санаймыз», -деп ұлттық тіл мұраты, тарихы мен тәжірибесі төңірегінде іргелі ізденіс жасап, жүйелі еңбек етеді. Бастысы, бұл бағыттарда өзекті жайттарды қозғап, мәнді көзқарас білдіріп, түйінді тұжырым жасайды. Тіл білімінен өзге, ұлттық көркем сөз мәні, мағынасы да ашылады [4. 6].

Зерттеу жүйесі мен мән-мазмұнына дендеп енер болсақ, сөз жоқ тілші-ғалым жазушы еңбегі мен шығармашылық зертхананың қыр-сырына еркін бойлайды. Бастапқы тұстан-ақ, суреткер әлеміне назар аударып, шығармашылық қыр-сырын ашып, ой-сөз жүйесіне, тіл байлығы мен мүмкіндіктеріне, стильдік айшық-нақышқа мән береді. Әдебиет әлемі, тіл білімі мен жазушы еңбегі, тіл тұғыры мен мүмкіндіктері туралы бірқатар ойлар мен толғаныстарға беріледі. Тиісті тұста: «...Суреткердің тілі дегеніміз не? Оны тану, яғни зерттеу, насихаттау, үлгі тұту сияқты іс-әрекетіміз не үшін қажет? Бұл сауалдар тым жеңіл, қарапайым болып көрінгенімен, шындап келгенде, ойландыратын, көп сәтте ауыр соғатын «жеңілдер», дәлірек айтсақ, ғылыми проблемалар екені даусыз, - деп бірқатар басым бағыттарға назар аударады. Келесі кезекте: «Әдебиет - тілмен әдебиет». Бұл - Мұхтар Әуезовтің өз сөзі. Демек, жазушы мен акын есімі аталған тұстарда, олардың суреткерлік келбеті, шығармашылық қызметі сөз болған сәттерде оның тілі туралы да әңгіме қозғалуы заңды да қажет. Оның үстіне суреткерлік еңбегін ұлттық тілдің тарихына байланыстыра сөз ететін қалам иелері болады. Олар тілдің белгілі бір кезеңдерінің негізін қалаушы, көш басшысы немесе сол тілдің белгілі бір тарамдарының (стильдерінің) іргетасын бекітуші, тілдегі сапалық өзгерістерге мұрындық болушы деп танылатындар. Әрине, бұл қатарда екіншісі бірі емес, бірегейлер ғана тұрады. Қазақ әдеби тілінің тарихи жолында, Абай сияқты, Мұхтар Әуезовтің де орны ерекше.

Абай -қазақтың жазба әдеби тілінің ұлттық кезеңінің бастаушысы болса, М. Әуезов - сол тілдің көркем проза, драматургия, публицистика, ғылыми әдебиет стильдері деп танылатын тарамдарының іргетасын қалаушылардың ірілерінің бірі, көшбастаушыларының зоры. Ол: «Қазақ көркем прозасы революциядан бұрынғы кезде үлкен табыс, дәстүрге жетпегеніне қарамай, қырық жыл ішінде (мақала 1957 жылы жазылған.- Р. С.) анық, зор өріске жетті», - деп жазса, осы тұжырымды қазақ көркем прозасының тіліне де қарата айтуға болады. Тілді де сол «анық, зор өріске» шығарушылардың топ басында М. Әуезовтің өзі тұрды. Сол себептен М. Әуезов тілінің көркемдік-эстетикалық сипатын танумен қатар, оның қазақ әдеби тіліне сіңірген еңбегі, даму барысындағы орны, салған жолдары мен көрсеткен үлгілері деген тәрізді әңгімелердің бүгінгі ғылым-білімімізде орын алуы және қисынды.

Жазушының тілге, оның ішінде ана тіліне, оның өткені мен бүгінгісіне, даму жолы мен бағытына деген көзқарасын біліп барып, сол жазушының өз творчествосының тілін талдап-тану дұрыс болмақ.

Әдетте, «жазушы тілі» дегенде, ең алдымен, ойға оралатыны да, іздейтініміз де - оның суреттеу шеберлігі, көркемдік әдістері туралы әңгіме болмақ. Бұл заңды да. Өйткені көркем әдебиет - сөз өнері. Ал өнер шеберлікті қалайды. Бұл - баршаға аян ақиқат. М. Әуезов осы заңдылықты: «Күндегі құлаққа сіңген тозыңқы сөзден жазушының қаша сөйлейтіні болады. Әдейі өзінің тілін тақ-тұқ қана тіл етпей, шеберлік көрік іздегісі келеді. Кенеулі ойды да көрікті, әсерлі етіп айтпаққа талпынады... Жазушының көркем әдебиеттегі тілі тек жабайы, жұпыны ұғымның тілі болып қоя алмайды. Ұғым, түсінікпен қатар, ой мен сезімге де бірдей әсер етерлік айшықты тілмен әсем сөйлеу шарт», - деп анықтап береді. Өзіне де, өзгеге де осындай шарт қойған жазушының 20- жылдардағы повесть-әңгімелерінен бастап, «Абай жолы» эпопеясының тілі - шын мәнінде «ой мен сезімге бірдей әсер етерлік» айшықты да әсем тіл екендігі зерттеуші түгіл, қарапайым жай оқырманға да жақсы сезіледі. Әсіресе төлтума тіліндегі «Абай жолының» ғажайып тартымдылығы, сүйсіндірер қасиеті - тілінің поэтикалық феноменінде», -деп маңызды мәселелерді қозғап, өзекті жайттарға назар аударады [4. 8-9].

Академик Р. Сыздық еңбектерін байыппен барласақ, ұлттық тіл білімінің арғы-бергі тарихы, өзіндік белгі-ерекшеліктері мен қыр-сырынан өзге, бірқатар өзекті мәселелерді анық-қанық көрсетіп, заңдылық принциптеріне мән беретіні байқалады. Еске түсірсек, алдымен: Қазақ орфографиясының заңдылықтарына басымдық береді. Бұл жөнінде: «...Көптеген

тілдердің емле заңдарына көбінесе үш-төрт түрлі принцип негіз болады. Олар: фонематикалық, фонетикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік т.б. принциптер». Бұдан кейінгі жерде: «...Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады. Фонематикалық принципке дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі (мәні) сақталып жазылуы жатады. Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, олар айтылуынша (естілуінше) жазылады. Тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазу ережесіне де сай келмейді, мұнда сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталады». Келесі кезекте: «...Белгілі бір тілдердің орфографиясында бұлардың біреуі не екеуі негізгі, басым принцип болады. Сонымен қатар осы тілде емле принциптерінің қалған түрлері де орын ала алады. Қазақ орфографиясының негізі морфологиялық-фонематикалық және фонетикалық принциптерге сүйенеді. Тарихи-дәстүрлік принципке орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздердің қазақша айтылуынша емес, орыс орфографиясы бойынша жазылуы жатады: спорт, стадион, алгебра, физика, химия, геометрия, банк, биржа, съезд, фестиваль, кандидат, доктор, капитал, кальций, авиация, авианосец, акционер. Бірақ бұларға қазақ тілі қосымшалары фонетикалық-морфологиялық принциппен жалғанады, яғни сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі, сөз соңындағы қатаң дауыссыздардың ұяндауы (бұл сөзге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған күнде), дәнекер ы, і дыбыстарына иек артуы сияқты құбылыстар орын алады: акцио-нер + лік, кон-церн+дер, репор-таж+ы дегендерде кірме сөздің соңғы буындарына қарай бірде жуан, бірде жіңішке қосымшалар жалғанған, ал банк, фонд сияқты сөздерге қазақ қосымшалары ы, і дәнекерлері арқылы қосылады: банк + і + ге, банк + і + ден, фонд + ы + сы, фонд + ы + ға.

Тілші-ғалым бірқатар басқа тілдер жүйесіне де мән береді. Атап айтқанда: «Араб пен парсы тілдерінен енген бірқатар сөздерді х, һ әріптері арқылы жазу да дәстүрлік принципке сүйенеді: хат, халық, хабар, хал, хан, -хана, гауһар, жиһан, қаһарман. Бұлайша таңбалау 1940 жылы қазақ тілінің кириллицаға негізделген жаңа жазуы мен жаңа емле ережелері қабылданған кезде көрсетілді де, содан бергі мерзім ішінде осылайша таңбалау дәстүрге айналды». Қазақ емлесінің кейбір мәселелері жайында да бірқатар маңызды ойлар қозғайды: «...Орфографиялық ережелер мынадай мәселелерді қамтиды:

- 1) кейбір дыбыстардың жазылуы;
- 2) түбір сөздердің және қосымшалардың жазылуы;
- 3) сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы;
- 4) шылаулар мен одағайлардың жазылуы;
- 5) бас әріптердің қолданылуы;
- 6) сөздерді тасымалдау.

Қазақ тілі орфографиясында дауысты, дауыссыз дыбыстардың жазылуының барлығы бірдей қиындықтуғызбайды. Олардың көпшілігі сөздің кез келген жерінде қолданылып, өз әрпімен жазыла береді. Тәжірибеде бірсыпыра қиындық келтіріп жүрген тұстар - дауысты ә, ы, і, и дыбыстарын таңбалайтын әріптер мен дауыссыз х, сонор й, удыбыстарын таңбалайтын әріптердің емлесі. [6. 7-10].

Бұл айтылғандар, сөз жоқ академик Р. Сыздықтың білімі-ғылыми қырларын кең түрде айқындайды. Маңыздысы, ұлт тілінің тарихын, сөз әлемінің табиғаты мен түп-төркінін, қазақ әдеби тілінің тарихы мен даму бел-белестерін, ежелгі кезеңнің көне ескерткіштерінің мың сан қатпарлы мәні мен тілдік құбылыстарын, тарихи-салыстырмалы грамматиканың қыр-сырын, орфография мен орфоэпия тарихы мен тағылымын, тіл білімінің басқа да қырларын жан-жақты ашып, өзекті-өткір мәселелерін кеңінен сөз етеді. Орайлы тұста, әрине: «...Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану, дұрыс қиюластыру, дұрыс дыбыстау, сауатты жазу, тілді әсерлі етіп жұмсау, нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - екеніне мән береді.

Ұлт тілінің тарихына еркін еніп, нәтижесінде - «Жами ат-тауарих Жалайри тілі» (1989), «Қ.А.Ясауи «Хикметтерінің тілі» (2004) т.т. зерттеулер жүйесін жазып, Абай мұраты мен мұрасын кең түрде айқындап, зерттеп-зерделеп, байыпты баяндайды. Осы бағыттағы іргелі еңбектері үшін – 1996 жылы Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі жұмыстар циклі негізінде Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болады.

Қорытынды.

Академик Р. Сыздық зерттеулерінде – Абай әлемі айқара ашылып, ол әсіресе ана тілі байлығымен, арғы-бергі тарихымен етене байланыста сөз етіледі. Ұлттық тіл мұраты мен тұғыры кеше-бүгін байланысы негізінде жіті қарастырылып, ондағы дәстүр мен дүниетаным, тамырластық пен сабақтастық мәні, тарих пен таным тоғысы, көркемдік-рухани арналар, тілдік-стильдік сипаттар кең орын алады. Бұл бағыт-арналар тіл білімінің қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерімен жүйелі байланыс-сабақтастық арнасында өріс алып, зерттеп-зерделеудің маңызды қырларын, тілдік қолданыстың заманәуи тынысымен тығыз бірлікте кең өріс алады. Нәтижесінде, тіл – қымбат қазына, құнарлы арна, байтақ әлем екені кең түрде көрсетіліп, бүгінгі күн талаптарымен табиғи үндестік табады. Тіл тұғырының биік, айбарлы да асқақ болуын жан-жүректен қалайды. «Өнердің ең асылы – сөз» (М.Ж.Көпеев) болса, «Ұлттың сақталуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» (А. Байтұрсынұлы). Хакім Абай айтқандай: «...Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» мәнді ой, терең ғылым негізінде кеңінен көрініс табады. Осының негізінде Абай мұраты мен мұрасын өнегелі өмірі мен ұлағатты ісінде бағдаршам етіп, біліми-ғылыми бағыттарында басшылыққа алып, темірқазық етуі – өмір өрімінде, ізденіс арнасында, зерттеу жүйесінде жаңа бағыт, соны арна, кең өрістер ашты. Академик Р. Сыздықтың адами әлемі, біліми-ғылыми феномені, мәдени-рухани құндылықтар өзегі, тілдік-танымдық Іһәм тәлімді тағылымы осында болып табылады. Демек, мұның өзі: «Әдебиет — ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі — көркемөнердің басты тақырыбы. Таптық жік арқылы әдебиет жасалмайды», «Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді», «Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой фәлсафесін де меңгереді»[7, 96].

Адамзаттың қалыптасуы мен даму үрдістерінде – тіл қоғамдық құбылыс қана емес, ұлт жаны, қарым-қатнас құралы, өмір өзегі болып табылады. Тіл – мемлекеттің қымбат қазынасы, сол елдің биіктерден байтақ әлемге желбіреп асқақ байрағы, жан-жүректегі ақиқат айнасы.

Академик Р. Сыздық мұраты мен ғылыми мұрасының мәні осында.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Құраст: Ғ.Әнес.-Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 640 б.
2. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы.-Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010.- 400 б.
3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді.- Алматы: Арыс, 2004.- 232 б.
4. Сыздық Р. Сөз құдіреті.- Алматы: Санат, 1997.- 224 б.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. - 8-9 б.
6. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы(емле, тыныс белгілері, сөз сазы). - Астана: Елорда, 2000. - 7-10 б.
7. Сөз сарасы. Тіл туралы қазақ афоризмдері. Құраст: Е. Шаймерден., Е. Тілешев. – Астана: Руханият орталығы, 2009. – 96 б.